## «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ) КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)

**__10__ сынып __I__ тур**

Жұмыс уақыты: Тапсырманың орындалу уақыты 120 минут

Эссені бағалау критерийлері:

1. Эссе тақырыбының ашылуы, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) – *10 ұпай*;
2. Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі – *10 ұпай*;
3. Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге келтірілген дәйексөздің тақырыпқа қатыстылығы, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы – *10 ұпай*;
4. Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген пікір немесе сауал туындауына ықпал ету, қорытынды пікірдің салмағы – *10 ұпай*;
5. Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы– *10 ұпай.*

*Жазба жұмыстан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50 ұпай*

## ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

*(ойыңызды эссе формасында нақты дәлелдермен қысқа етіп талдап жазыңыз)*

1. Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік шыңы
2. «Шақан-Шері» романындағы ұлттық құндылықтар
3. Бейбіт өмірдегі батырлық

*Эссе тақырыптарының біреуі –еркін тақырып, екеуі – оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған.*

***Ескерту:*** *оқу бағдарламасына сәйкес таңдалған эссе тақырыбына балл қоюда басымдық беріледі!*